



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ОТЧЕТ

АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗАГЕНТТІГІ

Сыртқы сараптау комиссиясы

АжРТА аккредитациялық
кеңеске жолданды



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

Білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының қорытынды ЕСЕБІ

Мамандық:	Біліктілік:
0901000- Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)	0901012–«Электромонтер (барлық атаулары)»
1403000– «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану»	1403012 «Слесарь-сантехник»
1401000–« Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»	140126 2-«Жалпы құрылыс жұмыстарының шебері»

**«Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК
«Алматы облысының білім басқармасы» ММ**

«19» қарашадан «21» қарашаға дейін 2019 ж.

Талдықорған қ. «21»қараша2019 жыл


МАЗМҰНЫ

Анықтамалар мен қысқартулар тізімі.....	3
(I)Кіріспе.....	5
(II)Білім беру ұйымының ұсынысы.....	6
(III) Аккредиттеу рәсімі.....	7
(IV) Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) келу сапарының сипаттамасы.....	8
(V)Мамандандырылған аккредитациялау стандарттарына сәйкестігі.....	10
5.1.Стандарт«Білім беру бағдарламасын басқару».....	11
5.2.Стандарт«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі».....	13
5.3.Стандарт«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі».....	16
5.4.Стандарт«Білім алушылар».....	19
5.5.Стандарт«Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар».....	22
5.6.Стандарт«Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар».....	25
(VI)Күшті жақтарға шолу /эр стандарт бойынша үздік тәжірибе.....	26
(VII) Сапаны жақсарту бойынша ұсынымдарға шолу.....	26
(VIII) Білім беру ұйымын дамыту бойынша ұсынымдарға шолу.....	26
(IX)Аккредитациялық кеңеске ұсыным.....	27
Қосымша 1.Бағалау кестесі«Мамандандырылған бейінпараметрлері».....	29
Қосымша 2.Білім беру ұйымына келу сапарының бағдарламасы.....	
Қосымша 3. Оқытушылар сауалнамасының нәтижесі.....	
Қосымша 4.Білім алушылар сауалнамасының нәтижесі.....	

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АҚ	Акционерлік қоғам
АТЖ	Автоматтандырылған тестілеу жүйесі
ӘБП	Әкімшілік-басқарушы қызметкерлер
БП	Базалық пәндер
БҚ	Базалық күзiреттiлiк
МАК	Мемлекеттік аттестациялық комиссия
МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ИПҚ	Инженерлік-педагогикалық құрам
МКҚК	Мемлекеттік коммуналдық-қазыналық кәсіпорын
КТЖ	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
ДЖ	Дипломдық жобалау
ББҰАП	Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер
ҒК	Ғылыми кітапхана
ҒЗҚ	Ғылыми-зерттеушілік қызмет
СҒЗЖ	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖКП	Жалпы кәсіптік пәндер
ҮҚ	Үкімет қаулысы
ҚБ	Құрылымдық бөлімшелер
ТОЖ	Типтік оқу жоспары
ҚА	Қорытынды аттестаттау
АП	Арнайы пәндер
ЖГП	Жалпы гуманитарлық пәндер
КО	Кәсіби оқыту
КТ	Кәсіби тәжірибе
ОӘЖ	Оқу әдістемелік әдебиет
ОӨЖ	Оқу өндірістік жұмыс
ОЖ	Оқу жұмысы
о.ж.	Оқу жылы
КІБ	Колледжішілік бақылау
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
МКК	Мемлекеттік квалификациялық комиссия
ММ	Мемлекеттік мекеме
ЛМ	Лауазымдық міндет
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
НҚА	Нормативті-құқықтық актілер
ҰБДҚ	Ұлттық білім беру деректер қоры
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ИПҚ	Инженер педагогтар құрамы
ЖІК	Жастар ісі бойынша комитет
КҚ	Кәсіби күзiреттiлiктер
КТЖ	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
МТБ	Материалдық-техникалық база
КЕАҚ	Коммерциялық емес акционерлік қоғам
ҚР	Қазақстан Республикасы
ББЖ	Білім берудің жоспары
БББ	Білім беру бағдарламасы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары

ТжКББ	Техникалық және кәсіптік білім беру
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ТГТК	Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі
ҮОЖ	Үлгілік оқу жоспары
ҮОБ	Үлгілік оқу бағдарламасы
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
ОӘЖ	Оқу-әдістемелік жұмыс
ӨОЖ	Өндірістік оқу жұмыс
ЦК	Циклдік комиссия
ОТЖ	Оқу-тәрбие жұмысы
ҰКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ОБ	Оқу бөлімі
РҒӘО	Республикалық ғылыми-әдістемелік орталық
ЗТС	Зертханалық-тәжірибелік сабақтар
ӨО	Өндірістік оқыту
ТОҚ	Техникалық оқыту құралдары
ААЖ	Автоматтық ақпараттық жүйе
АТС	Автоматты телефон станциясы
ҚР БжҒМ	Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
ОЖЖ	Оқу-жұмыс жоспары
ПТЖ	Перспективті-тақырыптық жоспар
ЗПС	Зертханалық практикалық сабақтар
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі



(I) КІРІСПЕ

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (АРТА) КЕМ18.10.2019 ж. №106-19-ОДбұйрығына сәйкес «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК «Алматы облысының білім басқармасы» ММ білім беру бағдарламалары бойынша мамандандырылған аккредитациялаудан өткізілді. Сараптама «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (АРТА) мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сай екендігін анықтау мақсатында жүргізілді.

Сыртқы сараптау комиссиясының (әрі қарай ССК) есебі «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК ұсынылған білім беру бағдарламаларының «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» АРТА өлшемдеріне сәйкестігін, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсынымдарын және білім беру бағдарламаларының бейндерінің параметрлерін қамтиды.

ССК құрамы:

- 1. Комиссия төрағасы** – Уалханов Байжан Нурбаевич, т.ғ.к. (Павлодар қ.);
- 2. Шетелдік сарапшы** – "Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы" ФГБОУФ Омбы ФИЛИАЛЫ оқу-әдістемелік жұмыс бойынша филиал директорының орынбасары, (Омбы қ., Ресей Федерациясы);
- 3. Сарапшы** – Тугерова Галия Бердибаевна, «Х.Узбекғалиева атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі» МКҚК басшының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, (Ақтау қ.);
- 4. Сарапшы** – Сулейменова Алия Зейнулгабденовна, «Жезқазған Бизнес және көлік колледжі» ЖМ басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, (Жезқазған қ.);
- 5. Сарапшы** – Берикбаев Сырым Алпысбаевич, «Алматы көпсалалы колледжі» МКҚК басшының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, (Алматы қ.);
- 6. Сарапшы** – Джалбырова Канат Байгунусовна, «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» МКҚК, бөлім меңгерушісі, (Қарағанды қ.);
- 7. Сарапшы** – Жантелов Руслан Кабдешович, Гуманитарлық экономикалық колледжі, басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, (Талдықорған қ.);
- 8. Сарапшы** – Айтқожин Мейрамбек Кенжебаевич, «М.Әуезов атындағы Педагогикалық колледжі» МКҚК ПЦК төрағасы, (Семей қ.);
- 9. Агенттіктен бақылаушы** – Бекенова Динара Каирбековна, АРТА техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жөніндегі жобаның жетекшісі, (Нұр-Сұлтан қ.);
- 10. Жұмыс беруші** – Килыбаев Диас Калиясевич, «Qprint» ЖК директоры (Талдықорған қ.);
- 11. Студент** – Мухитов Айдын Мухитович, Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі 1114000 «Дәнекерлеу ісі» мамандығының 2 курс студенті (Талдықорған қ.)

(II) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

«Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК «Алматы облысының білім

беру басқармасы» ММ (әрі қарай колледж) ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Алматы облысының Білім саласындағы бақылау департаментімен берілген 05.09.2013ж. № KZ11LAA00004950 сериялы шектеусіз қызмет ететін мемлекеттік лицензия негізінде орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында білім беру қызметін жүзеге асырады.

1982 жылы тамыз айында «Автожол жөндеуші» мамандарын дайындайтын №37 кәсіптік –техникалық училище құрылды.

1985 жылы «№1 кәсіптік техникалық» училище болып ауысты.

1993 жылы «№3 жоғарғы кәсіптік училище» болды.

1996 жылы «№2 кәсіптік техникалық лицей» болып өзгертілді.

2000 жылы «№19 кәсіптік - техникалық мектеп» деп аталды.

2002 жылы «№19 кәсіптік мектеп» деп өзгертілді.

2008 жылы 16 наурыздағы №102 бұйрық бойынша «№19 кәсіптік мектеп» «№19 кәсіптік лицейі» деп атауын өзгертті.

2013 жылы мамыр айынан бастап «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК деп аталуда.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жаңа кәсіптер мен мамандықтар классификаторының бекітілуіне байланысты 2015жылдың 27мамырда білім беру қызметін көрсету құқығына мемлекеттік лицензиясы жаңартылған.

Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК-ның өзін – өзі бағалау есебіне сәйкес, 70% бітіруші түлектері жұмысқа орналасқан. Оның ішінде 50% мамандық бойынша, 30% түлектері - жоғары оқу орнына түскен, академиялық демалыстардажәне әскери қызмет атқаруда.

Келесі мамандарды даярлау қосымшадағы көрсетілген мемлекеттік лицензияларына сәйкес: 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша 2016 жылдан, 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша 2008 жылдан, 1403000– «Ішкі санитарлық-техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша 2009-2010 оқу жылынан басталған. Оқыту түрі – күндізгі. Оқыту тілі - мемлекеттік.

Колледждің стратегиялық дамуын жоспарлау 2015-2020 және 2020- 2025 жылдарға жасалған. Стратегиялық даму жоспарының даму бағыттары педагогикалық Кеңес отырысында қаралып, жоспар бекітілген (пед. кеңес № 1 хаттама 31 тамыз 2015ж, пед кеңес №5 хаттама 28.06.2019 ж). Колледждің стратегиялық жоспарын жүзеге асыру үшін оқу-тәрбие үдерісінің қысқа мерзімді жоспары (оқу жылына) жасалып, педагогикалық кеңестің отырысында қаралып, бекітілген (хаттама №1, 29.08.2019ж.). Колледж миссиясының, мақсаттары мен міндеттерінің тиімділігін жүйелі бағалау колледжішілік бақылау жоспарында қамтылған.

(III) АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ

«Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚМ алғашқы рет техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өтуде.

Соңғы рет «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚМ мемлекеттік аттестаттау түрінде сапаны бақылау 2017 жылы өткен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Алматы облысы білім беру саласындағы бақылау Департаментінің 28.04.2017 жылғы №220-ө бұйрығы).

(IV) СЫРТҚЫ САРАПТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ (ССК) КЕЛУ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Сыртқы сараптау комиссиясының жұмысы 2019 жылдың 19 қарашасынан- 21 қарашасына дейін «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі сараптамалық комиссиясы бекітілген бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Сыртқы сараптау комиссиясының жұмысын үйлестіру үшін колледжде жиналыс өткізіліп, оның барысында комиссия мүшелері өз міндеттерімен бөлісті.

Ұсынылып отырған білім беру бағдарламаларының сапасы, колледждің барлық инфраструктурасы туралы объективті ақпарат алу өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнындағы мәліметтерді нақтылау мақсатында, кездесулер: басшы, басшы орынбасарлары, бөлім меңгерушілері және ПЦК жетекшілері, қызметкерлер (бас есепші, кадр бөлімінің басшысы, кітапхана меңгерушісі, психолог, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, медбике), оқытушылар, студенттер, түлектер, әлеуметтік серіктестер, ата-аналармен бағдарламада бекітілген уақытта, белгіленген орында өткізілді.«Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК ұжымы тарапынан бағдарламада көрсетілген барлығы 78 қатысушылармен (кесте 1) қамтамасыз етілді.

Кесте 1. Кездесуге қатысқан қызметкерлер мен студенттер туралы мәлімет:

Қатысушылар лауазымы	Саны
Басшы	1
Басшы орынбасары	5
Аға шебері	1
Әдіскер	1
ПЦК жетекшілері	4
Бас есепші	1
Кадр бөлімінің басшысы	1
Кітапхана меңгерушісі	1
Психолог	1
Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	1
Медбике	1
Оқытушылар	8
Студенттер	20
Түлектер	10
Әлеуметтік серіктестер	10
Ата-аналар	12
Барлығы	78

Сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері жұмыс барысында колледждің инфрақұрылымдарына тексерістер жүргізілді: оқу аудиторияларына, оқу полигондары, шеберханалар, оқу бөлімі, компьютерлік сыныптар, кітапхана, медициналық кабинет, гимнастикалық зал, спорт зал,стадион, би залы, жатақхана «Жастар үйі», асхана, акт залы т.б. Сонымен қатар аккредиттеуден өтіп отырған мамандықтар бойынша өндірістік тәжірибеден өту базалары бағдарлама бойынша «Казинвесттрейд» ЖШС-і, «Теректі» және «Жетысужилсоцстрой» ЖШС-тері, «Талстрой Жетісу», «Жетісу - Водоканал» және т.б. мекемелері қаралды.

Тәжірибелік базаны аралау кезінде жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер өз кәсіпорындарының материалдық техникалық базаларымен, әкімшілік корпусы, оқу кабинеттері, өндірістік цехтарын таныстырумен қатар, кәсіптік тәжірибенің сапалы түрде жүргізілуіне де баса назар аударды, мысалы:

Сыртқы сараптау комиссиясының мүшелерін «ТАТЭК» АҚ оқу орталығының басшысы Андамасов Сағымбай Кабиденович, жаңартылған материалдық техникалық базасымен, оқу-жаттығу полигонымен таныстырып,білім алушылардың тәжірибеден өту ережесі мен жағдайын

түсіндірді. «ТАТЭК» АҚ құрылымына 11 РЭС (аудандық электр желісі) жатады. 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығының білім алушыларының өндірістік тәжірибесі 11 аудандық электр желісі бойынша бөлініп жүргізілетіндігін айтты.

1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 1402000 – «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша «Шығыс-4» ЖШС-і, «Теректі», «Жетысужилсоцстрой» ЖШС-тері өндірістік мекемелері қаралды. Тәжірибеден өтетін жұмыс орындарына, өндірістік, жөндеу цехтарына экскурсия жүргізілді.

«Жетысужилсоцстрой» ЖШС-ін аралау барысында келесі деректер мәлім болды: Іс тәжірибеге баратын әрбәр бәләм алушы аталған жұмыс орнында өзіне керектінің барлығын алып шыға алады. Аталған құрылыс нысаны жеке кәсіпкердің қаржысына салынғанына байланысты жұмыс беруші өз еркімен келісім шарттар жасай алды. Сол сияқты колледж білім алушыларының сол жерде жұмыс жасасуына барлық жағдай жасалған. Білім алушылар үйдің ішкі әрлеу-безендіру жұмыстарының барлық түрлерімен танысқан және жұмыс жасай алады. Жұмыстың сапалы шығуына әрбір шебер жауапты. Үнталандыру мақсатында басшылықтан жұмыс соңында айлық жалақыларына қосымша үстеме тағайындалған. Колледжбен тікелей қарым-қатынас орнатқан.

1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша «Жетісу - Водоканал» мекемесін аралау барысында бөлім басшысы Курумбаев Н.С. құрылымы, оқу кабинеттері, жұмыс орындары, техника қауіпсіздік ережесімен таныстырды, екіжақты келісім шарт негізінде аккредиттелетін мамандық бойынша студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізетіндіктерін айтты. Сонымен қатар, аталған мекемеде бітіруші түлектер сантехник болып жұмыс атқаратындағы, өңірде сантехник мамандығы жоғары сұранысқа ие екендігі туралы бөлім басшысы ақпарат берді.

Сыртқы сараптау комиссия мүшелерінің өндірістік мекемелерінде жүргізілген сұхбаттың талдау нәтижелері: білім алушылар кәсіптік тәжірибелердің өту процессіне, ал жетекшілерінің жұмыс жасау барысында сапасына көңілі толатындығы.

1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының «Арнайы технология» пәніне қатысу болды. Сабақтың тақырыбы: «Ағашты сүргілеу және сүргілеуге арналған аспаптармен жұмыс». Сабақ түрі-тәжірибелік. Өндірістік оқыту шебері-Станов Бекболат Султанович. Теориялық журнал бойынша топта 15 студенттің тізімі берілген, бірақ сабаққа қатысқаны – 9. Сабақ басында топты белгілеу барысында қатыспаған студенттер туралы себептері айтылған жоқ.

Сабақ жоспары күнтізбелік-тақырыптық жоспарға (КТЖ) сәйкес келді. Тәжірибелік сабақта оқытушы сұрақ- жауап әдісін, АКТ технологияларын пайдаланды. Сабақта үштілді меңгерудің элементтері болмады.

0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша 282 тобының сабағына қатысу болды. Өткізілген модуль атауы: кәсіптік модуль 02 (КМ 02) «Электрлік жабдықтарының электр схемаларының функцияларын талдау және тексеру». Сабақтың тақырыбы: «Бір фазалы есептеуіш арқылы ішкі торапты монтаждап асинхронды қозғалтқышты сұлба арқылы қосу». Өту орны: 109 кабинет «Электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» шеберханасы. Сабақ түрі-тәжірибелік. Өндірістік оқыту шебері - Кочурбаев Альмурат Сагимбаевич. Теориялық журнал бойынша топта 25 студенттің тізімі берілген, бірақ сабаққа қатысқаны –24.

Сабаққа қатысу барысында сабақ жоспары, КТЖ құжаттары толығымен болды. Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде топқа бөліп, «Дамыған елдердегі ең басты қағидат мынандай жұмыс адамды емес, адам жұмысты іздейді» қанатты сөзбен бастады. «Ойлан тап» әдістері арқылы (магнитті тақта, суреттер, сұлбалар қолдану арқылы) үй тапсырмалары сұралды. Студенттер тапсырманы белсенді орындады.

Студенттерді негізгі кезеңдегі жұмысқа дайындау барысында өндірістік оқыту шебері сабақтың тақырыбы, мақсатын атап, кезеңдерімен, бағалау парағындағы критерийлерімен таныстырып, «Кроссенс» әдісін қолданды.

Жаңа білім мен дағдыны қалыптастыру мақсатында тақырып бойынша жалпы мәлімет беріп, сұлбалар түсіндірілді.

Сабақты бекітуге 3 топқа дайындалған арнайы тапсырмалар: ішкі торапты монтаждау, асинхронды қозғалтқышты қосу, қозғалыс датчигін қосу орындалды.

Шеберхана 10 жұмыс орны бар. Әрбір жұмыс орнында 3 студент тапсырманы орындады. Олар барлық керек құрал-жабдықтармен қамтылған. Тапсырманы орындау барысында студенттер белсенділік танытты, қойылған сұрақтарға дер кезінде жауаптар берілді. Сабақтың аяғында әрбір студент өз жұмыстарын қорғап, оқытушы тарапынан бағаланды.

Оқытушы өзінің мақсатына жетті, топтың журналы бойынша еш ескерту жоқ, сабақ барысында WORLDSKILLS стандарттарындағы «Жарықтандыру» модулінің элементері қолданылды.

0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша 282 тобының «Физика» сабағына қатысу болды. Оқытушы Айнагулова К.С.

Теориялық журнал бойынша топта 25 студенттің тізімі берілген, бірақ сабаққа қатысқаны – 23. Сабақ уақытында басталды. Оқытушы сабақта ойын технологиясын, топтық жұмыс, АҚТ қолданды.

Сабаққа қатысу барысында сабақ жоспары, КТЖ құжаттары толығымен болды. Оқытушының КТЖ тәжірибелік сабақтар (есеп шығару) қарастырылған. Зертханалық жұмыстар КТЖ берілген, зертханалық жұмыстарға студенттердің арнайы дәптерлері бар..

Аккредиттелетін мамандықтардың сабақтарына қатысу нәтижесі бойынша, өндірістік оқыту шеберлерінің білімдері жеткілікті екенін байқауға болады. Олар сабақта оқыту технологияларын пайдаланды, студенттердің сабаққа қатысу көрсеткіштері жоғары. Бірақ үштұғырлы тіл жобасы негізінде арнайы пән оқытушыларының ағылшын тілін, элементтерін сабақта қолдануын қолға алу қажеттілігі туындайды. Саралай келе оқытушылар колледждің алға жылжуына өз үлестерін қосуда.

Кластер бойынша білім беру бағдаламалары барлық біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген барлық талаптар мен заңнамалар ССК тексеріс кезінде дәлелденді. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілер тарапынан талқыланып, олардың ұсыныстары қаралып, жыл сайын жаңартылып тұрады.

V. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА

СӘЙКЕСТІГІ

5.1. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ» СТАНДАРТЫ

-ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірлеуін, оның мүдделі тұлғалар, білім алушылар мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді

-ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарының қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттілігіне және ҚР білім беру саясатына адекваттығын қамтамасыз етуі қажет

-ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыруға мүдделі топтардың өкілдерін, соның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартуы қажет

-ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру үдерістері жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді

-ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру мен тұрақты түрде қайта қараудың және оны іскеасырудағы мониторинг жүйесінің тетіктерін анықтауы тиіс

-ТжКБ ұйымы ББ-ны жүзеге асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинақтайды және талдайды, барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалау жүргізеді, ББ даму жоспарын құрастырып, қайта қарастырады

-ББ даму жоспары барлық мүдделі жақтар өкілдерінің қатысуымен ашық талқылаудан өтіп, берілген ұсыныстар мен түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының өкілетті алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді

-ТжКБ ұйымы ББ қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттікті табыстау, шектеу және дербестік қағидаларының іске асыру дәрежесін көрсетеді

-үдеріс арқылы қызметті (іс-әрекетті) басқаруды

-жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту тетіктерін

-мониторингі, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру мен қызмет ету динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін есеп беру үдерістерін құру

-өзгерістердің тиімділігін талдауды

-бөлімшелер қызметінің нәтижелігі мен тиімділігін және олардың өзара қарым-қатынастарын бағалауды қамтуы тиіс

-ТжКБ ұйымында білім беру бағдарламасының іске асыру регламентін белгілейтін барлық негізгі бизнес- үдерістер құжаттандырылуы қажет

-ТжКБ ұйымы бизнес-үдерістердегі жауаптыларды нақты анықтағанын, ББ іске асыру барысында қатысатын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бір мағыналы түрде бөлгенін, алқалы органдар қызметін ажыратқанын көрсетуі тиіс

-ТжКБ ұйымы осы үдерістің регламентін белгілейтін құжаттар мен білім беру бағдарламалардың мониторингін және мезгілдік пікір беруін (қайта қарау) бекіту тәртібін көрсетуі керек

-ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге, мүдделі тұлғаларға бағытталған хабарландыру мен кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс

-ББ басшылығы ББ-ның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты қызмет етуін көрсетуі керек, оның ішіне жобалау, басқару және мониторинг, олардың жақсаруы, фактілер негізінде шешімдерді қабылдау кіреді

-ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті

-ТжКБ ұйымы ББ басқару үдерістерінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдеп көрсетуі міндетті

-ТжКБ ұйымы ББ басқару үдерістерінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдеп көрсетуі міндетті

-ББ басшылығы оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеуді қамтамасыз етіп, өлшемүдерістері аясында табылған кемшіліктерді жойғанын көрсетуі міндетті

- ББ басшылығы білім алушыларға, оқытушыларға, ата-аналарға қолжетімдігі мен ашықтығын дәлелдеп көрсетуі міндетті

Дәлелді бөлім:

1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалар іске асыру және басқару Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттармен және 2015-2020 жылдарға арналған колледж миссиясы, мақсаты, көзқарасы, көрсетілген колледжді дамытудағы стратегиялық жоспарға, сонымен қатар 2020-2025 жылда жүзеге асыруды жоспарлап отырған стратегиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламаларының миссиясы техникалық және кәсіптік білім беру саласында мамандар дайындауда оқытудың жоғары сапалы білім беру қызметтерін көрсетуге қол жеткізу болып табылады.

0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша негізгі мақсаты - білім алушылардың энергетика саласында кәсіби күзінеттіліктерін дамытуды қамтамасыз ету.

1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандығы 1403012 «Слесарь-сантехник» біліктілігі бойынша кәсіптік қызметтің негізгі түрлеріне сәйкес келетін кәсіптік күзінетке ие болуы тиіс: сантехникалық құрылғылар мен бөлек түйіндердің жөндеу жұмыстарын жүргізеді, қызмет көрсету; болат, шойын және пластикалық құбырлардың жөндеу жұмыстарын жүргізу; араластырғыштың вентильдің, жуғыш бачоктың, крандардың жөндеуін жүргізу; тұрбаларды тотығудан қорғау; тұрбаларды бітеуден тазарту; керамикалық және фаянсты санитарлы техникалық өнімдерді тазалау; пайда болған жарықтар мен сызаттарды бітеу.

140126 2 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты:

- еңбек сферасының өзгермелі жағдайына байланысты жоғары дәрежелі мамандарды бейімдеу, бір жағынан кәсіби өсім мен білім алуды жандандыруды іске асыруды қалыптастыру;
- білім берудің инновациялық технологиялары негізінде білім беру ортаны қалыптастыру және іске асыру;
- аймақты жоғары жеке және кәсіби жетістіктері жоғары мамандармен қамтамасыз ету;
- аймақты және ҚР білім беру және мәдени дәрежесін сақтау және көтеру;
- әр түрлі деңгейдегі ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, соның ішінде ғылыми-қолданбалы әдістемелер мен фундаменттік зерттеуге дейінгі;
- колледждің оқу-материалдық, оқу-әдістемелік базаларын жетілдіру.

1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» (түрлері бойынша), 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), 140126 2 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», мамандықтарының ОЖЖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазанындағы № 553 бұйрығымен бекітілген қолданысқа енгізілген электрондық үлгідегі оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген.

Жұмыс оқу жоспары жаңартылған типтік оқу бағдарламаларының талаптарына толығымен сәйкес келеді, оқу пәндерінің тізімі мен көлемін қамтиды, оқытуды ұйымдастырудың реттілігін, қарқындылығын және негізгі ұйымдастыру, білім алушылардың білімі мен қабілетін бақылау түрлерін регламенттейді.

Колледж білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту пәндердің типтік бағдарламаларына және типтік оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар жұмыс оқу жоспарларының құрамына жұмыс берушілердің талабын ескере келе, ұйымдармен анықталатын пәндер де кірістірілген.

Колледждің басқару менеджменті алқалық кеңестердің өтуі және ашықтығын көрсетеді. Жоғары алқалық кеңес- Педагогикалық кеңес. Сонымен қатар аккредиттелетін мамандық бойынша жұмыс берушілер колледждің алқалық кеңес құрамына енгізілген. Мәселен, «Сұңқар Inter Link» ЖШС директоры А.Е.Ерназаров Қамқоршылық кеңес мүшесі.

Колледжде ата- аналардан, студенттерден, жұмыс берушілерден, оқытушылардан және түлектерден колледж қызметін дамыту мақсатында психологтың жұмыс жоспарына сәйкес сауалнамалар алынады. Сауалнама нәтижесі бойынша тұтынушылардың ұсынысы негізінде колледж қызметіне түзетулер енгізу, ұсыныстар қабылдау жұмыстары да жүргізіледі.

ССК жүргізілген сауалнама негізінде студенттердің басым бөлігі (100%) БББ орындалу стратегиясына қанағаттанады. Сонымен қатар колледж оқытушылары да стратегия мен миссияның өз мерзімімен орындалуын жоғары деңгейде бағалады (100%). Сонымен қатар оқытушылар 100% өздерінің стратегияларын оқу үрдісінде пайдалана алатындықтарын да атап жеткізді. Студенттер 84,8% БББ мен олардың берілу методикасына қанағаттанатындықтарын көрсетті.

ССК колледж басшысы, ПЦК меңгерушілері, бөлім меңгеруші қызметкерлері, студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер мен түлектермен кездесу барысында, сонымен қатар студенттер мен оқытушылардан сауалнама алу кезінде колледждің инфрокұрылымымен, материалдық- техникалық және ақпараттық- әдістемелік ресурстарымен қанағаттанатындықтарын жеткізді.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандартына талдау жасау нәтижесінде барлық ББ бағдарламалары жоспарлы, мақсатты және жүйелі түрде жүзеге асатынын және тұтынушылар тарапынан да талданатынын байқадық, бірақ БББ ашықтығы, яғни тұтынушыларға қолжетімділігін колледж сайты арқылы қамтамасыз ету қажет.

Аналитикалық бөлім

Колледж стратегиялық жоспарды құру және жүзеге асыру негізінде өз қызметін атқаруда. Бұл үрдіске оқытушылар, студенттер, ата-аналар мен жұмыс берушілер қатысады. Кездесу барысында тұтынушылар БББ жүзеге асыуы, стратегияның орындалуы бойынша ақпараттанғандықтарын көрсетті.

ССК жүргізген сауалнама барысында оқытушылардың басқарушылық және стратегиялық шешімдерді қабылдауда 100% қатысатындықтарын көрсетті. Бірақ БББ басқару қызметін жетілдіру негізінде 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), мамандықтары бойынша мониторинг жүргізетін, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру, қызмет ету динамикасын анықтайтын есеп беру үрдісін жетілдіру қажеттігі туындады. Сонымен қатар, кері байланыс жүйесі бойынша құжаттар жеткіліксіз болды, яғни мүдделі тараптардың колледж қызметін, студенттердің теориялық білімдерін бағалау, түлектердің еңбекпен қамтылулары, әлеуметтік серіктестердің пікірлері.

Күшті жақтары:

-ББ даму жоспарын қалыптастыруда мүдделі топ өкілдерінің алқалық органдарға қатысуы, мүшелік жасауы;

ССК ұсыныстары:

- колледждің 2020-2025 ж.ж. арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» (түрлері бойынша), 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын құру;

- колледж басшылығы тарапынан кері байланыс жүйесін жетілдіру;

- 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 –

«Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша мамандықтары бойынша мониторинг жүргізетін, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру, қызмет ету динамикасын анықтайтын есеп беру үрдісін құру;

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінде І күшті, 19 қанағаттанарлық және 2 ұстаным бойынша жақсартудың қажеттілігі бар екенін атап өтті.

5.2. СТАНДАРТ «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ».

- ТжКБ ұйымы білімді, икемділікті, дағдыларды, базалық және кәсіптік құзыреттілігін, жеке сапаларды қосатын білім беру бағдарламасы түлектерінің әзірленген үлгілерінің (моделдерінің) бар болуын көрсетуі керек

- ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасын әзірлеуде және олардың сапасын қамтамасыз етуінде педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуге міндетті

- ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің өзара байланыс қисынын, көлемін және мазмұнын анықтауы, сондай-ақ, түлектердің базалық және кәсіптік құзіреттілігінің қалыптасуына пәндер мен кәсіби тәжірибенің ықпалын көрсетуі міндетті

- ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контексттің бар болуын көрсетуі керек

- ББ басшылығы теориялық және тәжірибелік- бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тепе- теңдіктің бар болуын көрсетуі керек

- Пәндердің тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болу тиіс. Пәндер оқытылып жатқан саладағы әлемдік күн тәртібіндегі барлық сұрақтарға, мәселелерге толық жауап беруі керек

- Оқу бағдарламасының құрылымында білім алушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай базалық және кәсіптік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік тудыратын түрлі қызметтердің мазмұндары ескерілу керек

- Жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын жаңарту маңызды фактор болып табылады

- Бағалау өлшемдері: ББ дараландыру ББ басшылығы оқу тіліне қарамай, білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет

- ББ басшылығы білім беру үдерісінің мәселелеріне қатысты білім алушыларға кеңес беру және жекелеген көмек көрсету жүйесінің бар болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет

- Басшылық ББ тиімді меңгеруге жағдай жасайды

- ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушылардың артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіктері мен мәдени тәжірибесін қолдануын көрсетуі керек

-ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушыларға жекелеген қолдау беретінін көрсетуі керек

-ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктерін мониторингтен өткізу жүйесінің болуын дәлелдеуі тиіс

-Бағалау өлшемдері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау

-ББ басшылығы білім алушылардың пәнді оқу барысында ие болған білімін, дағдылары мен қасиеттерін объективті, нақты, толық бағалау тетігінің бар болуын және тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етуі қажет

-ББ басшылығы білім деңгейін бағалаудың және білім алушылардың базалық және кәсіптік құзіреттілігінің қалыптасу дәрежесінің әділдігін, олардың бағалау тетіктері мен құралдарының баламалығын және ашықтығын қамтасыз етуі қажет

-ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне және бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

-ББ басшылығы оқу пәндерін зерттеу мен курс бойынша оқытудың басында білім алушылардың білімін, дағдыларын диагностикадан өткізуі тиіс

-Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері мен үдерісі ашық болуы керек

-ББ басшылығы білім алушыларда келесі білім беру деңгейлерінде оқуларын жалғастыру үшін қажет дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс

-ББ басшылығы жүйелі дамытуды, оқытудың белсенді әдістері мен сабақ берудің инновациялық әдістерін енгізуі мен тиімділігін қамтамасыз етуі керек

-ББ-ны іске асыру барысында білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізілуі тиіс

-ББ басшылығы білім алушыларға мамандық/біліктілік бойынша тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етіп, тәжірибеден өту орындарына және жұмыс берушілерге қатысты білім алушылар мен кәсіпорын басшыларының қанағаттанушылық мониторингін өткізуі

-ББ басшылығы білім беру үдерісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерінің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі керек

Дәлелді бөлім:

Сарапшылар тобы жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сараптау жүргізілді. Колледждің оқу қызметі ҚР ТЖКБ барлық нормативтік- құқықтық талаптарына сәйкес жүргізіледі.

«Ақпараттық технология мамандықтары», «Құрылыс және коммуналдық шаруашылық» мамандықтарының циклдік комиссия отырыстарында білім беру бағдарламалары типтік оқу жоспарының негізінде жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып қарастырылғандығын өздік сараптама есебінде көрсетілген.

БББ мамандықтарының оқу жұмыс жоспары келесі компоненттерден тұрады:

-Оқу үрдісінің кестесі;

-Шартты белгілер;

-Уақыт бюджеті бойынша жинақтық деректер;

-Оқу жұмыс жоспары;

-Өндірістік оқыту және өндірістік машықтану;

- Қорытынды аттестация;

-Оқу жұмыс жоспарына түсіндірме жазба.

БББ жүзеге асыру мақсатында түлек моделі әзірленген. Модель колледж түлегінің, яғни жас маманның идеал бейнесін сипаттайтын құрылымды – концептуалдық схема ретінде әзірлеген. Ол бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие, әлеуметті бейімделген, шығармашыл, өз білімін ұдайы жетілдіруге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлға. Түлек моделі тұлғаның жеке қасиеттерін, қабілеттерін, мінезін, интелект дамуын, болашақ өміріне қажетті білік, білімін айқындайды. Қүзіреттіктерді қалыптастыру, білім беру мазмұныны арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде студенттердің өмірлік мәселелерді (жеке, әлеуметтік, кәсіби, іскерлік) шешуге мүмкіндік туындайды және қабілеттіліктері дамиды. Түлек моделі әлеуметтік серіктестердің қатысуымен құрылған (28.06.2019ж. хаттама №5).

0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда жұмыс берушілердің қатысуымен бірқатар жұмыстар жүргізіледі. Соның ішінде кәсіптік практиканы өткізуге «ТАТЭК (Талдықорған акционерлік электр жүйелерін тасымалдау компаниясы) АҚ, ЖШС «Энерго Қуат», «Жетісу - Водоканал» кәсіпорындарымен келісім шарт жасалған. Жұмыс берушілер мемлекеттік аттестация құрамында жұмыс жасайды.

1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының студенттері тәжірибелерін өту үшін, құрылыс мекемелерімен, атап айтсақ ЖШС «Жетісу-Соцстрой», ЖШС «Теректі» келісім шартқа отырған.

Студенттердің алдағы кәсіби қызметін қалыптастыру мақсатында 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы бірнеше факультативтік сабақтар оқу жұмыс жоспарына енгізілген. (Электротехника негіздері-1бс., Кәсіпкерлік іс- әрекет негіздері-72с.). Факультативтік сабақтарға бөлінетін сағаттар саны мамандық бойынша МЖМБС қарастырылған. Сонымен қатар ББҰ анықтайтын модуль бойынша «Релелік қорғалыс және автоматика»-37с., Электр қондырғылары мен жабдықтары-146 с. бөлінген.

0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасын игеру мақсатында шеберханалар, оқу-жаттығу полигондары, кабель таратқыштарымен т.б. құралдармен жабдықталған.

Директордың КОЖ және ЦК жетекшілерінің жылдық жоспарына сәйкес 1 курс білім алушылары мамандықтарына сәйкес, қаладағы жетекші орындағы мекемелерге саяхат жасайды. Саяхаттың мақсаты білім алушылардың мамандық жайлы ой-өрісін дамытып, қызығушылықтарын ояту, мекемедегі жұмыс үрдісімен және құрал-жабдықтармен таныстыру. Осы мақсатта «1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), мамандықтары бойынша оқитын 1 курс студенттерін «ТАТЭК (Талдықорған акционерлік электржүйелерін тасымалдау компаниясы) АҚ, «Жетысужилсоцстрой» ЖШС, ЖШС Теректі, «Жетісу - Водоканал» кәсіпорындарына экскурсияға жіберілген.

Түлектердің жұмысқа орналасуына кәсіптік практикадан өткен мекемелер ықпал етеді. 2019 оқу жылындағы түлектердің еңбекпен қамтылу көрсеткіші - 73% көрсетуде.

Колледж сайты студенттер, оқытушылар, әкімшілік пен қоғамды өзара байланыстыруға мүмкіндік береді. Сайтта білім беру, студенттік өмір, өндірістік оқыту жайлы толық ақпарат берілген. Сонымен қатар колледжде өткен іс-шаралар туралы ақпараттар енгізілген. Тексеріс барысында барлық ақпараттар колледж сайтында <http://www.tdk-tgtk.kz/> көрсетілген.

Колледжде кәсіби бағдарлау іс-шаралары жүйелі негізде жүргізіледі: «Ашық есік күні», пәндік олимпиадалар, ЦК апталықтары, «WorldSkills Kazakhstan» чемпионаты, дөңгелек үстелдер, кәсіби байқаулар, шеберлік сыныптары, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен болашақ мамандық және оқу орнын таңдау мақсатында кездесулер ұйымдастырылады.

Аналитикалық бөлім:

«Құрылыс және коммуналдық шаруашылық» мамандықтарының циклдік комиссия отырыстарында білім беру бағдарламасы типтік оқу жоспарының негізінде жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып қарастырылғандығын өздік сараптама есебінде көрсетілгендігі, тексеріс барысында 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), мамандықтары негізінде әзірленген модульдік оқыту бойынша оқу жұмыс жоспарларында әлеуметтік серіктестердің ұсыныстары көрсетілген, мысалы: ББҰ анықтайтын пәннің («Релелік қорғаныс және автоматика» және «Электр қондырғылары мен жабдықтары») ОЖЖ түсіндірме жазбасында көрсетілген. Сонымен қатар ТЖКББ «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша үлгілік оқу жоспарына сәйкес (31.10.2017ж. №553) ОЖЖ барлық біліктіліктер бойынша жасалған.

ССК практикалық базаларды аралау барысында аккредиттелетін БББ бойынша 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша дуалды оқыту жүйесін оқу процессіне еңгізу қажет деген шешімге келді, себебі бұл мамандықтың біліктіліктері Талдықорған өңірінде жоғары сұранысқа ие және өндірістік мекемелерде кадрлардың тұрақтамауы -40% құрайды.

Мемлекеттік аттестатау комиссия құжаттарын тексеру барысында комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес еместігі, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен

35% арақатынасында құрылу қажет екендігі ескертілді.

АРТА ССК студенттерден алған сауалнамалары көрсеті:

- студенттер академиялық дәреже, курс және ББ бойынша берілетін ақпараттарға 93,3 % қанағаттанады;

-студенттердің оқу курсы бойынша бағдарламалардың берілуіне 93,3 % қанағаттанады;

- Студенттер колледждің оқу ресурстарына 96 % қанағаттанады.

«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандартына талдау жасай келе, білікті мамандарды даярлау көбінесе білім деңгейлерінің біліктілік шеңбері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін сапалы білім беру бағдарламаларына байланысты.

Күшті жақтары:

- ББ бағдарламасын меңгеру мақсатында студенттерге басшылық тарапынан барлық жағдайлар жасалған;

-арнайы пән оқытушыларының кәсіби білімдерінің жеткілікті болуы;

- оқу пәндерінің өзара байланысының ұтымды мазмұны, көлемі, логикасы, сонымен қатар пәндердің, кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсері;

- білім алушылардың білім деңгейін, дағдыларын бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелері мен бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігі;

ССК ұсыныстары:

- әлеуметтік серіктестердің санын көбейту, БББ жүзеге асыру кезінде географиялық шекараларды кеңейту;

- білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын жаңартылған типтік оқу бағдарламасына, жұмысшы мамандықтардың жұмыс бағдарламаларының мазмұнын «Worldskills» стандарттарына сәйкес әзірлеу.

- білім беру бағдарламалары бойынша дуалды оқыту жүйесін еңгізу мүмкіндіктерін қарастыру және дамыту жоспарын әзірлеу.

- оқу процессіне еңгізілген модульдік-құзыреттілік негізінде жасақталған білім беру бағдарламаларының дамыту жоспарын әзірлеу.

- әдістемелік кабинет тарапынан студенттермен және оқытушыларға кәсіби ағылшын тілін меңгерту мақсатында курс жұмысын ұйымдастыру;

- Мемлекеттік аттестатау комиссия құрамын (ҚРБЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125) қағидаларына сәйкес жасақтау;

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 8 күшті, 13 қанағаттанарлық және 3 жақсартуды қажет ететіндігін атап өтті.

5.3.«ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ» СТАНДАРТЫ

-ББ басшылығы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іскерлерді тартып, олармен оқылатын пәндердің үлесін анықтау керек

-ББ басшылығы білім беру үдерісінде инновацияларды үнемі қолданылуын педагогикалық ұжымға ынталандыруы тиіс

-ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламасының стратегиясы мен ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі керек

-ББ басшылығы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімдігін көрсетуі керек

-ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтар құзыреттілігін жүйелі түрде бағалауды, сабақ беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі керек

-Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс. ББ

басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрлерінің педагогтармен орындалуының дәлелін көрсетуі керек

-ББ басшылығы жас педагогтарды дамытуы бойынша мақсатты әрекеттерді қамтамасыз етуі керек

-ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіптік және жеке дамытуды ынталандыру тетіктерін көрсетуі керек

-ББ басшылығы педагогикалық ұжым қанағаттанушылығының мониторингін қамтамасыз етуі керек

-ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ- құзыреттілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек

-Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады

Дәлел бөлімі:

Колледждің кадрлық саясаты білім беру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәжірибелік қызметте пайдаланылатын мақсаттарға қол жеткізу жолдары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған. Осыған байланысты колледж қызметкерлерді іріктеу және оқыту процесіне көп көңіл бөледі, атап айтқанда, қызметкерлердің негізгі кәсіптік ерекшеліктерін ескере отырып, іріктеу және жұмысқа қабылдау, оларды практикалық жұмыс тәжірибесі, жеке қабілеттерін, кәсіби білімдерін және басқа да көрсеткіштерді ескере отырып, жүзеге асырылады.

Білім беру қызметін 30 оқытушылар және 18 өндірістік оқыту шеберлері атқаруда

Педагогикалық кадрларды іріктеу процесіне: қызметкерлерге қойылатын талаптарды анықтау, бос жұмыс орындарына үміткерлерді іздеу және іріктеу, қызметкерлердің біліктілігін үнемі жетілдіру, қызметкерлер арасында тәжірибе тарату және т.б. кіреді.

Колледждің педагогикалық құрамы колледж студенттерінің контингентіне сәйкес басшылық тарапынан ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес қадағаланып тұрады.

Арнайы пән оқытушыларының басым бөлігінің кәсіпорында жұмыс атқарған кәсіптік тәжірибелері бар.

Жалпы БББ білікті оқытушылар құрамымен (штат кестесіне сәйкес) толықтай жабдықталған деп айтуға болады.

БББ іске асыруды қамтамасыз етуде материалды-техникалық және кадрлық әлеует колледж миссиясына сәйкес, оқыту процесінде студенттердің зерттеу жұмыстары мен тәжірибелерін орындау тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Жалпы, бұл БББ даму жоспарына, оның ішінде: кадрлық әлеуетіне, материалдық-техникалық базасына, ақпараттық және қаржы ресурстарына сәйкес жеткілікті және баламалы ресурстар бар.

Колледж әкімшілігі педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау шеңберінде оқытушылардың біліктілік категорияларын көтеруге аса көңіл бөледі. Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында колледжде оқытушылардың біліктілік санаттарын көтеру және растау жұмыстары жүргізіліп отырады.

Жылда аттестациядан өту жоспарына сәйкес педагогикалық қызметкерлерге санаттар беріледі.

0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша білікті оқытушылар құрамы бар. Оқытушылардың жалпы саны 4 (өндірістік оқыту шебері 3 (екінші санатты 2, санаты жоқ 1), арнайы пән оқытушысы 1 (санаты жоқ).

1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша білікті оқытушылар құрамы бар. Оқытушылардың жалпы саны 3 (өндірістік оқыту шебері 2 (екінші санатты 1), арнайы пән оқытушысы 1 (екінші санатты 1).

1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша білікті оқытушылар құрамы бар. Оқытушылардың

жалпы саны 2 (өндірістік оқыту шебері 1 (бірінші санатты 1), арнайы пән оқытушысы 1 (екінші санатты 1).

Жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларының өндірістік оқыту шеберлерінің санаты төмен болғанмен, өндірістік еңбек өтілдері жоғары. Мысалы, «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығының өндірістік оқыту шебері Тагаев Е.Х. – 39 жыл.

Оқытушылардың кәсіби құзіреттілік деңгейі әр түрлі оқыту формалары арқылы үнемі жетілдіріліп отырады: республикалық және аймақтық үздіксіз білім беру курстары, семинарлар, университеттермен бірге ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар. Кадрлық әлеует жоғары, бұл мамандарды дайындауды толықтай қамтамасыз етеді.

Колледждің тәжірибелі оқытушылары өз білімдерімен тәжірибе алмасу мақсатында түрлі іс-шараларға қатысып марапатталады. Мысалы, 2019 оқу жылының сәуір айында «Өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының модульдік-құзіреттілік тәсілдері мен WorldSkills стандарттарын енгізудегі қызметі» атты республикалық семинар-кеңесін өткізді. Семинар барысында «Электромонтаждау жұмыстары» құзіреттілігі бойынша, өндірістік оқыту шебері және арнайы пән оқытушысы А. Кочурбаев шебер-класс көрсетіп өз тәжірибесімен бөлісіп нәтижесінде ҚР Атамекен ҰҚП-ның Алғыс хатымен марапатталған.

Сонымен қатар колледжде жас мамандар мектебі жұмыс атқарады. БББ бойынша арнайы пән оқытушысы жас маман Кеңесбай Елжас 2018 жылдың 31-қазан айында «Жас келсе - іске» атты облыстық байқауда бас жүлдені иеленген.

Оқыту сапасын бағалау мақсатында әкімшілік мүшелері, әдіскер, ЦК жетекшісі өзара сабақтарға қатысу кестесіне сәйкес әрбір оқытушының сабағына қатысады. Озық іс-тәжірибелер мектебінде өндіріс саласында қызмет жасаған өндірістік оқыту шеберлері А.Кочурбаев және Е.Тагаев(Талдықорған қаласындағы «ТАТЭК» (Талдықорған акционерлік электржүйелерін тасымалдау компаниясы) АҚ қызмет атқарған)тәжірибелі маман, өз тәжірибелерімен бөліскен.

АРТА ССК оқытушылармен жүргізген сауалнама нәтижесінде:

- колледжде оқу процесінде инновацияны қолдануда профессорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар - өте жақсы және жақсы –57,7% және 43,3%;
- мұғалімдер білім беру бағдарламасының мазмұнына қанағаттанған - өте жақсы және жақсы –69,2% және 30,8%;
- мұғалімдердің басшылықпен кері байланыс деңгейі «өте жақсы» - 53,8%, «жақсы» - 46,2%;

Аналитикалық бөлім:

«Педагогикалық құрам және оқытудың тиімділігі» стандарты бойынша жұмысты талдай келе, оқытушылардың педагогикалық шеберліктері үнемі кәсіби даму деңгейімен анықталатынын атап өтуге болады. Осыған орай, колледжде оқыту сапасын жүйелі түрде анықтайтын колледж қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі бар екенін айтуға болады. Колледждің оқытушылық құрамы мен әкімшілігі жоспарланған көрсеткіштерді орындауға және өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуге тырысады, өйткені сыйақы мен сыйлықақы жүйесі бар. Алайда, ССК тексеріс барысында арнайы пәндер оқытушылары мен өндіріс шеберлерінің өндіріс орындарынан тағлымдамадан, сонымен қатар арнайы пән оқытушыларының ағылшын тілін меңгеру бойынша біліктілік курстарынан өтпегендіктері анықталды.

Күшті жақтар:

- колледж оқытушылар құрамының қызметіне рейтинг жүргізудің, оқытушылардың құзіреттілігін жүйелі түрде бағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді;
- колледжде жас мұғалімдерді бейімдеу және қолдау бойынша іс-шаралар қарастырылған;
- колледж оқытушылары қоғамдық жұмыстарға белсенділікпен қатысады.

ССК ұсыныстары:

- ББ бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында колледж басшылығы тарапынан кәсіпорындардан мамандар тарту, практикалық сабақтардан сағат бөлу;
- колледждің стратегиялық бағытын орындау мақсатында оқытушылардың, жас мамандардың біліктіліктерін әлеуметтік серіктер мекемелерінде тағлымдамадан өтуін қамтамасыз ету;
- оқу үрдісінде арнайы пән оқытушыларының ағылшын тілін кіріктендіру бойынша эксперименталдық жұмыс жоспарын әзірлеу;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер тарапынан шеберлік сабақтар, кездесулер, дөңгелек столдар, экскурсиялық сабақтардың өтуін қамтамасыз ету;
- арнайы пән оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін «Кәсіпқор Холдинг» АЕҚ-да ұйымдастырылатын жобаларға қатыстыруын қамтамасыз ету: жаңа білім беру бағдарламаларын, оқу құралдарын, жаңартылған типтік оқу жоспарын әзірлеуге, мамандық бойынша сараптау, тренерлік жұмыстары т.б.

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 2 күшті, 8 қанағаттанарлық және 1жақсартуды қажет ететіндіктерін атап өтті.

5.4. "БІЛІМ АЛУШЫЛАР" СТАНДАРТЫ

- ББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек
- ББ басшылығы оқу нәтижелеріне сүйене отырып білім алушылардың негізгі рөлдерін (кәсіптік, әлеуметтік) жақсы ұғынуын көрсетуі керек
- Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың өз саласында кәсіби мамандану (сертификация) мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады
- Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламалардың бар болуы маңызды фактор болып табылады
- ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға және түлектермен байланыста болуға барынша күш салуы керек
- Түлектердің кәсіптік қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады
- ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өзін-өзі оқытуға белсенді түрде ынталандыруы керек
- ББ басшылығы білім алушыларға өз ойларын білдіріп, пікір алмасуы мүмкіндік беруі тиіс
- ББ басшылығы білім алушылардың жалпы ТжКБ ұйымының қызметімен және жекелеген қызмет түрлерімен қанағаттанушылығын мониторингтен өткізу тетігін жасауы тиіс
- ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосқандағы кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек

Дәлелді бөлім:

Колледж студенттерінің контингентін қалыптастыру кезінде өңірдің еңбек нарығының жағдайы және ұйымдар мен кәсіпорындардың кадрлық қажеттіліктері ескеріледі. Колледжге қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 қазанындағы № 578 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыруда оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері» Заңына сәйкес жүргізілген. 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану»БББ-лары бойынша мамандарды даярлау мемлекеттік тапсырыс негізіндегі күндізгі оқу түрінде және мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Колледжде жалпы күндізгі бөлімде 377 студент.

Барлық студенттер мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алады.

Кесте 5.БББ-лары бойынша мамандықтары бойынша 2016 - 2019 ж.ж. студенттер контингенті

Оқу жылдары	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Мамандықтар				
«Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)»	24	25	25	75
«Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»	25	22	20	-
«Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша)	25	25	23	22

Колледжде кәсіптік бағдар жүргізу бойынша белсенді жұмыс жасайтын үгіт-насихат тобы құрылған. Кәсіптік бағдар беру жұмысы Алматы облысының мектептерінде жүргізіледі. Мектеп оқушыларын және олардың ата-аналарын кәсіптік бағдарлау мақсатында қалалық және аудандық мектептерде ата-аналар жиналыстарына және конференцияларға қатысу, БАҚ ақпараттық ресурстарын пайдалану, жарнамалық банерлер мен брошюраларды пайдалану, колледждің веб-сайтында және Instagram парақшаларында ақпаратты орналастыру, «Ашық есік күні» ұйымдастыру, ақпараттық стендтерді жасау сынды жұмыстар жүргізіледі.

Колледжде жаңадан оқуға түскен студенттердің ата-аналарымен білім беру ережелерімен таныстыру мақсатында оқу жылының басында жиналыс өткізіледі. Жиналыста ата-аналарға арналған нұсқаулық беріледі және келісім-шарт жасалады.

Жаңадан келген студенттердің оқу үрдісіне бейімдеу мақсатында топ сағаттар өткізу, қалалық және облыстық іс-шараларға қатыстыру, мәдени-көпшілік шараларға қатыстыру, ҚР атақты тұлғалармен кездесуді ұйымдастыру топ жетекшілеріне жүктелген.

Топ жетекшілері ата-аналармен тығыз жұмыс жасайды. Ата-аналар білім алушылардың сабақ үлгерімі, сабаққа келуі, тәртібі жайлы жеке әңгімелесу, WhatsApp арқылы хабардар болып жүреді.

Қорытынды мемлекеттік аттестация колледжде академиялық күнтізбемен қаралған және мамандық тардың оқу жұмыстық жоспарларға сәйкес мерзімде жүргізіледі. «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), мамандықтары бойынша диплом жобалары қорғалады. Қорытынды аттестациядан өткен және кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергендігін дәлелдеген студенттерге өз мамандықтары бойынша біліктілік беріледі және мемлекеттік үлгідегі Диплом беріледі. Диплом қосымшасында әрбір пән бойынша соңғы бағалар жазылады және сағат көлемі көрсетіледі. Оқу жоспарының барлық пәндерінен сынақ, қорытынды емтихандарды және диплом жұмысын «үздік» бағаға тапсырған студентке «үздік» Диплом беріледі.

Білім алушылардың білім сапасын бақылау әр түрлі әдістер мен амалдарды пайдалану арқылы жүргізілген. Жалпы 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» , 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша білім сапасы 2018-2019 оқу жылының қорытындысымен 78% көрсеткен.

Студенттердің оқу процесіндегі білім деңгейі ағымды бақылау арқылы өлшенеді. Ал студенттердің кәсіби құзіреттілік деңгейі мамандық бойынша сабақ беретін арнайы пән және өндірістік оқыту шеберлері ұйымдастырған кәсіби байқау, тексеру жұмыстары арқылы бағаланады.

Колледжде түлектерді жұмысқа орналастыру қызметі жұмыс атқарады, оның құрамына: өндірістік оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, өндірістік оқыту шеберлері, топ жетекшілері, жұмыс берушілер кіреді.

Бұл қызмет жас мамандарды еңбек қызметіне бейімделуін қалыптастырады, алғашқы кәсіби қызметінде дағдыларын арттыруға көмектесе отырып, колледж түлегінің психологиялық және кәсіби дайындықтарын арттырады.

Жатын орынмен қамтамасыз ету мақсатында студенттерге 240 орынды, бес қабатты жатақхана ұсынылған. Жатақхана барлық құралдар және техникалық базамен қамтамасыз етілген. Санитарлық нормаға сай жабдықталған. Жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған студенттерге аса көңіл бөлінеді. Оқу жылының басында студенттердің әлеуметтік картасы құрылып, студенттердің әлеуметтік жағдайы анықталады. Студенттерге басшылық тарапынан барлық жағдайлар жасалынған.

Колледжіндегі тәрбие жұмысы жалпыадамзаттық және жан-жақты үйлесімді дамыған, ой өрісі жоғары, жан дүниесі таза, ұлттық құндылықтар негізіне сай, кәсіби маман иесі және жекетұлға тәрбиелеуге бағытталған.

Колледжде дарынды студенттерді қолдайтын және қабілеттерін шындайтын пән үйірмелері, шығармашылық топ жұмыс жасайды. Сонымен қатар колледжде жас бойжеткендерге дұрыс тәрбие беру мен бойларына инабаттылық, қарапайымдылық пен адамгершілік иірімдерін қалыптастыру мақсатында «Балауса» қыздар клубы, спорттық үйірмелер мен әскери дайындық пәнінен «Мерген» атты үйірмелер өз жұмыстарын жүйелі түрде атқарады. Осы негізде білім беру бағдарламасы бойынша топ студенттері қала және облыс көлемінде жүйелі түрде өткізіліп тұратын «Жас қыран», «Жас ұлан», «Айбын» әскери-патриоттық сайыста 1 орынға ие болған. Білім алушылар облыстық республикалық конференцияларына қатысып, тақырыбында өз жобасын қорғап, алғыс хатпен марапатталған.

Аналитикалық бөлім:

АРТА ССК алынған сауалнама негізінде:

- 87 % студенттер колледждің компьютерлермен және сандық ресурстармен қанағаттанады;

-93,9% студенттер емтихандар мен ағымдық аттестцияның әділ өтуіне қанағаттанады.

Түлектермен кездесу барысында колледжде түлектер ассоциясының жоқтығы, олармен ешбір іс-шаралар өткізілмейтіндігі байқалды.

Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында «Студенттер рейтингісі» жүргізу жұмысы тексеріс барысында байқалмады. Бұл механизм ашықтық, бағалаудың әділдігін, сонымен қатар студент пен топ кураторының одан әрі жұмыс жасауына мүмкіндік тудырады. Аккредиттелетін мамандық бойынша үздік студенттер, немесе қандай да бір жетістікке жеткен нақты студенттер тізімі де болмады. Сонымен қатар БББ негізінде дарынды студенттермен жұмыс күшейту қажеттілігі де туындады. Студенттердің кәсіби біліктіліктерін дамыту, тілдік құзыреттіліктерін жетілдіру мақсатында инновациялық жобаларды енгізу, жұмыс берушілермен біріге отырып ұйымдастыратын кәсіби

сайыстарды көбейту сынды ұсыныстар ССК тарапынан туындады.

Күшті жақтары:

- студенттерді қолдау қызметі жүйесінің әрекеті: студенттерге жағымды жағдай тудыру, жатақхана, әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге жеңілдіктер төлеу;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға сай келетін спорттық база;

ССК ұсыныстары:

- Түлектердің кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу арқылы «Түлектер қауымдастығы» жұмысын ұйымдастыру;
- Білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші топтарға WorldSkills стандарттарына сәйкес демонстрациялық емтихандарын өткізу және бағдарламасын әзірлеу;
- Студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында «Студенттер рейтингісі» Ережесін құрып, үздік студенттер мен үздік топтарды анықтау және республикалық жобаларға қатысу, мысалы, ТЖКББҰ ТОП-100 студенті;

Критерилер бойынша қорытынды:

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 2 күшті, 5 қанағаттанарлық, 3 жақсартуды қажет ететін жақтары бар екенін атап өтті.

**5.5. «БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН РЕСУРСТАР»
СТАНДАРТЫ**

-ББ басшылығы білім алушылар үшін оқытылатын пәндер бойынша жіктелген, ұйымдастырылған ақпараттың барынша мүмкін мөлшерінің қолжетімдігін, соның ішінде презентация материалдары, дәрістердің конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттерді, практикалық тапсырмаларды және т.б. қамтамасыз етуі қажет;

-Оқу бағдарламаларын меңгеру мақсатында қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдары тиісті салада қолданылатын жабдықтарға ұқсас болып, пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс ;

-ТЖКБ ұйымы білім алушылардың базалық және кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыратын және жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін ескеретін оқу ортасын жасайды ;

-ТЖКБ ұйымы өндірістік қызметке білім алушыларды тартып, әртүрлі байқауларда педагогикалық ұжым мен білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етіп, шеберханаларды дамыту үшін жағдай жасауы керек ;

-ТЖКБ ұйымы ББ материалдық-техникалық ресурстар мен ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудың динамикасын бағалауы керек;

ТЖКБ ұйымында:

-білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес педагогикалық ұжым мен білім алушыларды технологиялық қолдайтын;

-академиялық қолжетімдік – білім алушылар дербестендірілген білім беру ресурстарын қолдана алатын;

-академиялық кеңестер – білім алушыларға көмектесетін дербестендірілген білім беру ресурстары бар;

-кәсіптік бағдар – білім алушыларға мансап бағыттарын таңдауда және оларға жету жолында көмек беретін дербестендірілген білім беру ресурстарын қолдана алатын ;

-санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен талаптарға сәйкестелген заманауи техникалық оқыту құралдармен жабдықталған қажетті дәрісханалардың саны бар;

-компьютер сыныптарының, оқу залдарының, мультимедиялық және лингафон кабинеттерінің қажетті саны, олардағы отыратын орындардың саны жеткілікті болатын;

-кітаптар қоры, соның ішінде қағаз және электронды тасымалдағыштарда оқу және әдістемелік әдебиеттердің қоры, оқыту тілдері аясындағы мерзімдік басылымдары бар;

- білім беретін интернет-ресурстарына еркін кіре алатын оқыту ортасы жасалуы тиіс;
- ББ басшылығы оқыту үдерісіне ақпараттық технологиялардың енгізу дәрежесін анықтап, педагогикалық ұжым мүшелері оқытудың инновациялық технологияларын, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде, өңдеу және қолдану мониторингін өткізуі керек;
- ББ басшылығы ББ-ны сипаттайтын ақпараттың веб- ресурста көрініс табуын көрсетуі керек.

Дәлелді бөлім:

ССК комиссиясы аккредиттелетін білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің білім алу және жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті инфрақұрылыммен жабдықталғанын тексеріс барысында көз жеткізді. Колледж оқу корпусынан, оқу-өндірістік шеберханадан, студенттерге арналған жатақхана, спорт зал, тренажер залы, асхана және акт залынан құралған. Колледждің білім беру саясаты салауатты өмір салтын қалыптастыру, колледждегі білім алудың барлық кезеңінде студенттерді әлеуметтік қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша ББ-дің материалды-техникалық базасы санитарлық-техникалық нормаларға сай және білім беру бағдарламасының оқу жоспары бойынша студенттерге пәндік даярлыққа сонымен қатар тәжірибенің барлық түрлерін өткізуге қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта материалдық – техникалық базаны нығайту және сапалы білім беру мақсатында жаңа жабдықтар мен компьютерлік техниканы сатып алу жоспарланған.

■ Әр түрлі оқу пәндері бойынша дәріс беру үшін компьютер кабинеттері қолданылады. Барлық компьютер кабинеттеріне ИПҚ оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау, сабақтан тыс уақытта студенттердің өздік жұмыстарын орындау үшін қолдана алады.

■ Колледжде зертханалық сабақтарды өткізуге арналған химия, физика және информатика кабинеттер бар. Кабинеттер соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен, интербелсенді тақтамен жабдықталған.

Колледж кітапханасы білім беру үдерісіне және ғылыми зерттеулерге әдебиеттер мен ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ білім, рухани және интеллектуалды қарым-қатынас пен мәдениетті игеру орталығы болып табылады.

Мамандық тар бойынша білім беру бағдарламасын игеру мақсатында шеберханалар, 2 оқу- жаттығу полигондары оптикалық таратқыш қораптармен, т.б. құралдармен жабдықталған.

Колледж кітапханасында интернетке қосылған 18 компьютер және 75 орындық оқу залы жұмыс жасауда. Студенттер контингентінің оқу жоспарлары және бағдарламаларының негізінде кітапхананың кітап қоры құрылады. Кітапхананың кітап қорын жинау колледждің оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Оқытушылар үшін қажетті әдістемелік материалдар және студенттерге арналған қосымша дидактикалық материалдар (жинақтар, жаттығулар, оқуға арналған кітаптар т.б) факторлары негізінде оқу әдебиетін таңдау жүзеге асырылады.

Колледжде кітапхана қорының жалпы жинағы 17055 дананы құрайды

Кітапханалық жинақтарды сатып алу көздері техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері үшін әдебиеттер шығаратын қазақстандық баспала «Фолиант» баспасы, «Кәсіпқор» холдингінің сайтындағы электрондық әдебиеттерде қолданыста. Кітапханада оқулықтар қорының және газет-журналдардың жүйеленген каталогы және картотекасы бар. Мамандықтар бойынша оқулықтардың кітапхана қоры жүйелі түрде толықтырылады. Студенттер абонемент арқылы кітапхананың оқу залына бос уақыттарында келеді.

Кітапханада кітап қоры туралы ақпараттар және газеттер мен журналдар мақалаларын электрондық каталогқа ендіру жұмысы жүргізілуде. Биылғы оқу жылы мерзімдік басылымдарға, соның ішінде -18 түрлі газет, 14 түрлі журналға жазылу

жүргізілді. Колледж кітапханасы «Білім шапағаты», «Ұстаз әдістемесі», «Ел-Назар», «Білімді Ел», «Білім шыңы», «Педагог», «Қазақстан колледждері», «Мектептегі кітапхана» т.б. газет–журнал баспаларымен байланыста.

Кітапхана 2016 жылдан «КАБИС» бағдарламасымен жұмыс жасайды. «КАБИС» бағдарламасы кітапханадағы оқу, әдістемелік және басқа ақпарат көздеріне электронды кітаптар каталогын құру, оқырмандарға кітап беру есебін автоматтандыру, оқулықтарға тапсырыс беруді қалыптастыру, студенттердің кітап оқуын сараптау жұмыстарын реттейді.

Сонымен қатар колледждің оқу кабинеттерінде интерактивті тақталар орнатылған, олар білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларының қазіргі заманғы құралдарының бірі болып табылады. Интернеттің ақпараттық-ресурстық әлеуеті шектеулі емес. Оқу кабинеттері мен зертханалар жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділігі бар жеке компьютерлер, моноблоктар, ноутбуктар, интерактивті тақталар, көпфункционалды құрылғылар (сканер, көшірме, принтер) бағдарламалармен жабдықталған, колледж кітапханасы Интернетті Wi-Fi режимінде, жергілікті желіде пайдаланады. Колледждегі оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті және әрбір іске асырылған бағдарламаның талаптарына сәйкес келеді.

Колледждің веб-сайты интернеттегі колледж өкілдігі болып табылады.

1. Колледждің ресми сайты (tdk-tgtk.kz).
2. instagramm (tdk_tgtk) әлеуметтік желісі.

Студенттердің денсаулығына байланысты туындаған мәселелерге жылдам жауап беру үшін медициналық орталық бар.

Аналитикалық бөлім:

ССК оқытушыларға сауалнама жүргізу барысында олардың кітапханадағы қажетті ресурстардың (оқу- әдістемелік құралдар мен оқулықтар) қолжетімділігі –100%, оқу үрдісінде оқыту материалдарымен қамтамасыз ету –84,6%, компьютерлік сыныптар мен ғаламтор ресурстарының болуы және қолжетімділігі –94,2% көрсетсе, студенттерден алынған сауалнама нәтижесінде кітапханадағы қажетті ресурстардың қолжетімділігі- 84,4%, кітапхана және оқу залындағы көрсетілетін қызмет- 90,9%, компьютерлік кабинеттер мен лабораториялардың жабдықталуына қанағаттанулары -93,9% көрсетті.

Заманауи білім беру ұйымында ақпараттық қамтамасыз етілудің маңызды ресурсы веб-сайт болып табылады. Ресурс мазмұны тұрақты түрде ББ сипаттайтын ақпаратты жаңартуды және оның толыққандылығын талап етеді.

«Білім беру бағдарламаларын іске асыруда қолданылатын ресурстар» стандарты бойынша колледждің материалды базасы жеткілікті түрде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілгендігін айтуға болады. Бірақ алдағы уақытта электронды оқулықтарды және тест тапсырмаларын, виртуалды зертханалар қолданысқа енгізу жоспарланса.

Өзін-өзі бағалау есебінде 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандығының «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілік орталығы ашылды деп жазылған. Тексеріс барысында тек қана «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілігі бойынша орындайтын жұмыс орны және оларды керекті құрал-саймандармен жабдықталғанына куә болдық.

«Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілік орталық жобасының қаржы-экономикалық негіздеу, даму жоспары, Қамқоршылық кеңесі, шетелдік меморандумдар, Worldskills стандарттарына сәйкес бағдарламалар, салалық аккредитация, сапаны басқару жүйесі (СМК) құжаттары болуы тиіс. Колледж базаларында құзыреттілік орталықтарды құру жобасының талаптары БжҒМ хаттарында, сонымен қатар «Холдинг Кәсіпқор» АЕҚ сайттарында, хаттарында әдістемелік ұсыныстар берілген.

Күшті жақтары:

- Білім беру бағдарламасына сәйкес барлық оқу аудиториялары, шеберханалар мен

оқу полигондарының санитарлық талаптарға сәйкес келуі және толық техникалық құралдармен жабдықталуы;

ССК ұсыныстары

- білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде мамандандырылған кітап қорын толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- кітап қорын толықтыру мақсатында арнайы пән оқытушылары өздерінің авторлық құқығымен қорғалған оқу- әдістемелік құралдарын құрастыру.
- «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілік орталық құжаттарын талаптарға сәйкес жасақтау
- ***ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 2 күшті, 10 қанағаттанарлық және 3 жақсартуды қажет ететін жақтары бар екенін атап өтті.***

5.6. «ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДЫҚТАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ СТАНДАРТТАР»

Колледждің жылдық жұмыс жоспарына және оқытушылардың жеке жұмыс жоспарына сәйкес жыл сайын I курс студенттерін мамандықтарына байланысты кәсіпорын базаларына саяхат жасайды. Бұл іс- шараның негізгі мақсаты студенттердің мамандық жайлы ой-өрісін дамытып, қызығушылықтарын ояту, мекемедегі жұмыс үрдісімен танысу.

1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша), 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша оқу үрдісінің графигіне сәйкес теориялық оқыту аяқталғаннан кейін, студенттер оқу, технологиялық, біліктілік алды, диплом алды тәжірибені «ТАТЭК (Талдықорған акционерлік электржүйелерін тасымалдау компаниясы) АҚ, «Жетысужилсоцстрой» ЖШС, «Жетісу - Водоканал» мекемелерінде өтеді.

Кәсіптік тәжірибенің сапасына жауапты болып, тәжірибе жетекшісі болып тағайындалған арнайы пән оқытушысы немесе өндірістік оқыту шебері, сонымен қатар мекеме басшысы жауап береді. Кәсіптік тәжірибенің бағдарламасы кәсіпорын басшысымен келісіліп, колледж директорымен бекітіледі. Кәсіптік тәжірибенің байланысты барлық құжаттарды директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары ұсынады.

Колледжде өндіріс саласында тәжірибесі мол оқытушыларда сабақ береді. Атап айтатын болсақ, А.Кочурбаев және Е.Тагаев (Талдықорған қаласындағы «ТАТЭК» (Талдықорған акционерлік электржүйелерін тасымалдау компаниясы АҚ қызмет атқарған). Е.Тагаев-39 жыл, А.Кочурбаев -15 жыл.

Жоғарыда аталған шеберлер оқу үрдісіне түрлі инновациялық әдістерін енізеп қана қоймай, түрлі облыстық, республикалық іс-шараларды ұйымдастыруға өз үлестерін қосады.

ССК ұсыныстары:

- кәсіпорнында жеке сабақтардың, пәндердің өткізілуін ұйымдастыру;
- БББ бойынша халықаралық білім беру орталықтарымен ынтымақтастық туралы меморандум жасасу.

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 2 күшті, 1 қанағаттанарлық және 2 жақсартуды қажет ететін жақтары бар екенін атап өтті.

ҮІ. ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандартында:

-ББ даму жоспарын қалыптастыруда мүдделі топ өкілдерінің алқалық органдарға қатысуы, мүшелік жасауы;

6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты

- ББ бағдарламасын меңгеру мақсатында студенттерге басшылық тарапынан барлық жағдайлар жасалған;

- арнайы пән оқытушыларының кәсіби білімдерінің жеткілікті болуы;

- оқу пәндерінің өзара байланысының ұтымды мазмұны, көлемі, логикасы, сонымен қатар пәндердің, кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсері;

- білім алушылардың білім деңгейін, дағдыларын бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелері мен бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігі;

6.3. «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты

- колледж оқытушылар құрамының қызметіне рейтинг жүргізудің, оқытушылардың құзыреттілігін жүйелі түрде бағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді;

- колледжде жас мұғалімдерді бейімдеу және қолдау бойынша іс-шаралар қарастырылған;

- колледж оқытушылары қоғамдық жұмыстарға белсенділікпен қатысады.

6.4. «Білім алушылар» стандарты:

- студенттерді қолдау қызметі жүйесінің әрекеті: студенттерге жағымды жағдай тудыру, жатақхана, әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге жеңілдіктер төлеу;

- салауатты өмір салтын қалыптастыруға сай келетін спорттық база;

6.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар» стандарты:

- Білім беру бағдарламасына сәйкес барлық оқу аудиториялары, шеберханалар мен оқу полигондарының санитарлық талаптарға сәйкес келуі және толық техникалық құралдармен жабдықталуы;

(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ ЖӨННДЕГІ ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ

Критерийлерді орындаумен байланысты барлық стандарттар бойынша ССКұсынымдарының тізімі:

7.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты:

- колледждің 2020-2025 ж.ж. арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын құру;

- колледж басшылығы тарапынан кері байланыс жүйесін жетілдіру;
- 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 0901000 – «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)», 1403000 – «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша мамандықтары бойынша мониторинг жүргізетін, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру, қызмет ету динамикасын анықтайтын есеп беру үрдісін құру;

7.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты:

- әлеуметтік серіктестердің санын көбейту, БББ жүзеге асыру кезінде географиялық шекараларды кеңейту;
- білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын жаңартылған типтік оқу бағдарламасына, жұмысшы мамандықтардың жұмыс бағдарламаларының мазмұнын «Worldskills» стандарттарына сәйкес әзірлеу.
- білім беру бағдарламалары бойынша дуалды оқыту жүйесін еңгізу мүмкіндіктерін қарастыру және дамыту жоспарын әзірлеу.
- оқу процессіне еңгізілген модульдік-құзыреттілік негізінде жасақталған білім беру бағдарламаларының дамыту жоспарын әзірлеу.
- әдістемелік кабинет тарапынан студенттермен және оқытушыларға кәсіби ағылшын тілін меңгерту мақсатында курс жұмысын ұйымдастыру;
- Мемлекеттік аттестатау комиссия құрамын (ҚРБЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125) қағидаларына сәйкес жасақтау;

7.3. «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты:

- ББ бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында колледж басшылығы тарапынан кәсіпорындардан мамандар тарту, практикалық сабақтардан сағат бөлу;
- колледждің стратегиялық бағытын орындау мақсатында оқытушылардың, жас мамандардың біліктіліктерін әлеуметтік серіктер мекемелерінде тағлымдамадан өтуін қамтамасыз ету;
- оқу үрдісінде арнайы пән оқытушыларының ағылшын тілін кіріктендіру бойынша эксперименталдық жұмыс жоспарын әзірлеу;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер тарапынан шеберлік сабақтар, кездесулер, дөңгелек столдар, экскурсиялық сабақтардың өтуін қамтамасыз ету; арнайы пән оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін «Кәсіпқор Холдинг» АЕҚ-да ұйымдастырылатын жобаларға қатыстыруын қамтамасыз ету: жаңа білім беру бағдарламаларын, оқу құралдарын, жаңартылған типтік оқу жоспарын әзірлеуге, мамандық бойынша сараптау, тренерлік жұмыстары т.б

7.4. «Білім алушылар» стандарты:

- Түлектердің кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу арқылы «Түлектер қауымдастығы» жұмысын ұйымдастыру;
- Білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші топтарға WorldSkills стандарттарына сәйкес демонстрациялық емтихандарын өткізу және бағдарламасын әзірлеу;
- Студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында «Студенттер рейтингісі» Ережесін құрып, үздік студенттер мен үздік топтарды анықтау және республикалық жобаларға қатысу, мысалы, ТЖКББҰ ТОП-100 студенті;

7.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар» стандарты:

- білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде мамандандырылған кітап қорын толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- кітап қорын толықтыру мақсатында арнайы пән оқытушылары өздерінің авторлық құқығымен қорғалған оқу- әдістемелік құралдарын құрастыру.
- «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілік орталық құжаттарын талаптарға сәйкес жасақтау

7.6. «Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар» стандарты:

- кәсіпорнында жеке сабақтардың, пәндердің өткізілуін ұйымдастыру;
- БББ бойынша халықаралық білім беру орталықтарымен ынтымақтастық туралы меморандум жасасу.

(IX) Аккредитациялық кеңеске ұсыным

Сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері бірауыздан «Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК мамандандырылған аккредитациядан келесі мамандықтар және біліктіліктер: 0901000- Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша) 0901012–«Электромонтер (барлық атаулары)», 1403000– «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану» 1403012 «Слесарь-сантехник», 1401000–« Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 140126 2-«Жалпы құрылыс жұмыстарының шебері» бойынша 5 жыл мерзімге өту ұсынылады.

Қосымша 1. «МАМАНДАНЫДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі»

N оп/ п	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының позициясы			
		Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартуды болжайды	Қанағаттанарлықсыз
«Білім беру бағдарламасымен басқару» стандарты					
1	ТжКББ ұйымы ББ даму жоспарын жасауды, оның мемлекеттің, мүдделі адамдардың және оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын көрсетеді.		+		
2	ТжКББ ұйымы қолдағы ресурстарды, еңбек нарығының қажеттіліктерін және ҚР білім беру саясатын ББ даму жоспарының сайма-сайлығын қамтамасыз ету керек.		+		
3	ТжКББ ұйымы ББ даму жоспарын жасауға мүдделі адамдар тобы өкілдерін, сонымен қатар оқушыларды, педагогикалық коллективті және жұмыс берушілерді тарту керек.		+		
4	ТжКББ ұйымы ББ даму жоспарын жасау үрдісінің ашықтығын көрсетеді. ТжКББ ұйымы мүдделі адамдардың ББ даму жоспарының мазмұны мен оның жасалу үрдісі туралы ақпараттандырылғандықтарын қамтамасыз етеді.		+		
5	ТжКББ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру механизмдері мен оны тұрақты қарауды, оның іске асырудың мониторингін анықтау керек.			+	
6	ТжКББ ұйымы жүйелі түрде ББ жүзеге асыру туралы ақпаратты жинайды, талдайды және барлық бағыттар бойынша өзін-өзі тексеруді жүргізеді, ББ даму жоспарын жасайды және қайта қарастырады.			+	
7	ББ даму жоспары барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен ашық талқылаудан өтеді, олардың ұсыныстары мен түзетулері негізінде ТжКББ ұйымының уәкілетті алқалы органы жобаға өзгерістер енгізеді.		+		
8	ТжКББ ұйымы қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттіктерді беру, межеллеу және дербестік қағидаттарын іске асыру дәрежесін көрсетеді.		+		
9	ББ басшылығына кіреді:				
9.1	үрдістер арқылы қызметті басқару		+		
9.2	жоспарлау, дамыту және тұрақты жақсартудың тетіктері		+		
9.3	жоспарларды іске асыруға және қызметтің динамикасын айқындауға мүмкіндік беретін есептілік үрдістерін құруды қоса алғандағы мониторинг		+		
9.4	өзгерістердің тиімділігін талдау		+		
9.5	бөлімшелер қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін және олардың өзара әрекеттесуін бағалау		+		
10	ТжКББ ұйымдарында ББ-ны іске асыруды регламенттейтін барлық		+		

	негізгі бизнес-үрдістер құжаттандырылуы тиіс				
11	ТжКББ ұйымы бизнес-үрдістерге жауаптылардың нақты айқындалуын, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бірмәнді бөлуді, ББ-ны іске асыруға қатысатын алқалы органдар функцияларын ажыратуды көрсетуі тиіс		+		
12	ТжКББ ұйымы осы үрдісті регламенттейтін білім беру бағдарламалары мен құжаттарын бекіту, мерзімдік рецензиялау (қайта қарау) және мониторингі тәртібін көрсетуі тиіс		+		
13	ТжКББ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағдарланған ақпарат беру және кері байланыс жүйесінің болуын және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
14	ББ басшылығы оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, оларды жақсартуды, фактілер негізінде шешімдер қабылдауды қамтитын ББ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты жұмыс істеуін көрсетуі тиіс		+		
15	ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығының дәлелдемелерін ұсынуы тиіс		+		
16	ТжКББ ұйымы ББ басқару үрдістерінде статистиканы жинау және талдау жүйесін қарқынды пайдаланудың бар-жоғын және оның дәлелдемелерін көрсетуі тиіс		+		
17	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның, қызметкерлердің және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттану дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және өлшеу үрдісі аясында анықталған кемшіліктерді жоюдың дәлелдемелерін көрсетуі тиіс		+		
18	ББ басшылығы білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар үшін ашықтық пен қол жетімділіктің дәлелдемелерін көрсетуі тиіс	+			
БАРЛЫҒЫ		1	19	2	
«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты					
Бағалау критерийлері: ББ мазмұны					
19	ТжКББ ұйымы білім беру бағдарламасы түлектерінің білім, білік, дағды, базалық және кәсіби құзыреттіліктері, жеке қасиеттері бар дайын үлгілерінің болуын көрсетуі тиіс		+		
20	ТжКББ ұйымы педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс		+		
21	ТжКББ ұйымы оқу пәндерінің мазмұнын, көлемін, өзара байланысының логикасын, сондай-ақ пәндердің, өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибенің бітірушілердің базалық және кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс.	+			
22	ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мәнмәтіннің болуын көрсетуі тиіс	+			
23	ББ басшылығы теориялық және практикаға бағытталған пәндер арасындағы тиімді теңгерімнің болуын көрсетуі тиіс	+			
24	Пәндер тізбесі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болуы тиіс. Пәндер оқытылатын саладағы барлық сұрақтар, мәселелерді жеткілікті түрде жариялауы қажет.	+			
25	Білім беру бағдарламасының құрылымында білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, базалық және кәсіптік құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін мазмұны бар әртүрлі қызмет түрлерін қарастыру қажет.		+		
26	Жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының жаңартылуы маңызды фактор болып табылады		+		

27	ББ басшылығы білім алушыларға тең мүмкіндіктерін, оның ішінде оқу тіліне қарамастан қамтамасыз етуі тиіс.	+			
28	ББ басшылығы білім беру үрдісі мәселелері бойынша білім алушыларға жеке көмек және кеңес беру жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс			+	
29	Басшылық ББ-ны тиімді игеру үшін жағдай жасайды	+			
30	ББ басшылығы ББ-ны жүзеге асыру барысында білім алушылардың артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін және мәдени тәжірибесін пайдалануды көрсету керек.	+			
31	ББ басшылығы ББ-ны іске асыру кезінде білім алушыларды жеке қолдауды көрсетуі тиіс		+		
32	ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүйесінің болуын дәлелдеуі тиіс		+		
33	ББ басшылығы оқыту нәтижелерін объективті, нақты және толық бағалау тетігінің болуын және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
34	ББ басшылығы оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігін және білім алушылардың базалық және кәсіби құзыреттерінің қалыптасу дәрежесін, оларды бағалау құралдары мен тетіктерінің айқындылығын және барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс		+		
35	ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін, іскерлігін және дағдыларын бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқыту нәтижелері мен бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс	+			
36	ББ басшылығы курс бойынша білім беру басталар кезде және оқу пәндерін оқыту кезінде білім алушылардың біліміне, шеберлігіне және дағдыларына диагностика жүргізу керек		+		
37	Оқыту нәтижелерін бағалау үрдістері мен критерийлері айқын болуы тиіс		+		
38	ББ басшылығы білім алушылардың келесі білім беру деңгейлерінде оқуын жалғастыру үшін қажет дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс		+		
Бағалау критерийлері: оқыту әдістемесі					
39	ББ басшылығы білім берудің белсенді әдістерін және оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі дамытуды, енгізуді және олардың тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
40	Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде білім алушының өзіндік жұмысының мониторингі өткізілуі тиіс		+		
41	ББ басшылығы білім алушылардың мамандық/ біліктілік бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі және білім алушылардың, кәсіпорын – тәжірибе орындары басшыларының және жұмыс берушілердің қанағаттануының мониторингін жүргізуі тиіс			+	
42	ББ басшылығы білім беру үрдісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерінің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі тиіс			+	
Барлығы		8	13	3	
«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты					
43	Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ББ басшылығы мамандарды тартып, олар оқытатын пәндердің үлесін анықтау керек			+	

44	ББ басшылығы педагогикалық ұжымды үнемі білім беру үрдісінде инновацияларды қолдануға ынталандыруы тиіс		+		
45	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінің білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі тиіс	+			
46	ТЖКББ ұйымы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғамға қолжетімділігін көрсетуі тиіс		+		
47	ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтардың құзыреттілігін жүйелі бағалауды, оқыту сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі тиіс		+		
48	Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы педагогтардың жоспарланған жүктеменің барлық түрлерін орындауының дәлелдемелерін көрсетуі тиіс.		+		
49	ББ басшылығы жас педагогтарды дамыту бойынша мақсатты іс-қимылдарды қамтамасыз етуі тиіс		+		
50	ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандыру тетіктерін көрсетуі тиіс		+		
51	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қанағаттануының мониторингін қамтамасыз етуі тиіс		+		
52	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ - құзыреттілігін, оқытудың инновациялық әдістері мен нысандарын қолдануын көрсетуі тиіс		+		
53	Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады	+			
БАРЛЫҒЫ		2	8	1	
«Білімалушылар» стандарты					
54	ББ басшылығы білім алушылардың контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің ашықтығын көрсетуі тиіс	+			
55	ББ басшылығы білім алушылардың оқыту нәтижелеріне сүйене отырып, негізгі рөлдерін (кәсіптік, әлеуметтік) сезінуін көрсетуі тиіс		+		
56	Оқу үрдісі кезіндегі мамандандырылу саласында білім алушыларды кәсіби сертификаттау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады			+	
57	Дарынды оқушыларды қолдау бағдарламаларының болуы маңызды фактор болып табылады.			+	
58	ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастырумен қамтамасыз етуге және түлектермен байланысты қолдауға барынша күш салу қажет			+	
59	Түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметінің мониторингі маңызды фактор болып табылады		+		
60	ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет аясында) өздігінен білім алуға белсенді түрде ынталандыру қажет		+		
61	ББ басшылығы білім алушылардың пікір алмасу және білдіру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс	+			
62	ББ басшылығы білім алушылардың ТЖКББ ұйымының қызметімен және жеке қызметтерімен қанағаттануының мониторингінің тетігін құруы тиіс		+		
63	ББ басшылығы оқу нәтижелерін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты жедел ұсынуды қамтитын кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі тиіс		+		

БАРЛЫҒЫ		2	5	3	
«Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ресурстар» стандарты					
64	ББ басшылығы білім алушылар үшін оқытылатын пәндер бойынша құрылымдалған, ұйымдастырылған ақпараттың барынша мүмкін болатын санына қол жетімділікті қамтамасыз етуі тиіс: мысалы, презентациялық материалдар, дәрістер конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттер, тәжірибелік тапсырмалар және т. б.		+		
65	Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар тиісті салаларда қолданылатындарға ұқсас болуы және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс	+			
66	ТжКББ ұйымы базалық және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететін және білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін оқыту ортасын құрады		+		
67	ТжКББ ұйымы оқытылатын пәндер бойынша білім алушылар мен педагогикалық ұжымның қолданбалы дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау керек және осы дағдыларды конкурстар мен жарыстар шеңберінде немесе практикада қандай да бір басқа тәсілмен іске асыру мүмкіндігін беру керек.			+	
68	ТжКББ ұйымы материалдық-техникалық ресурстардың даму серпінін және ББ ақпараттық қамтамасыз етілуін бағалауды жүргізуі тиіс		+		
69	ТжКББ ұйымында ББ оқыту ортасы құрылуы тиіс, оған кіреді:				
69.1	білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес білім алушылар мен педагогикалық ұжымды технологиялық қолдау		+		
69.2	академиялық қолжетімділік-білім алушылар дербестендірілген білім беру ресурстарына қол жеткізе алады			+	
69.3	академиялық кеңестер-білім алушыларға көмектесетін дербестендірілген білім ресурстары бар			+	
69.4	кәсіби бағдар - білім алушылар мансаптық жолдарды таңдау және оларға қол жеткізуге көмек көрсететін дербестендірілген білім беру ресурстарына қол жеткізе алады		+		
69.5	санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған аудиториялардың қажетті саны	+			
69.6	компьютерлік сыныптардың, оқу залдарының, мультимедиялық және лингафондық кабинеттердің қажетті саны, олардағы отырғызу орындарының қажетті саны		+		
69.7	кітап қоры, оның ішінде қағаз және электрондық оқу және әдістемелік әдебиет, оқыту тілдері бойынша мерзімді басылымдар қоры		+		
69.8	білім беру ғаламтор-ресурстарына еркін қол жеткізу		+		
70	ББ басшылығы ББ оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу дәрежесін анықтауы керек, педагогикалық ұжымның оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде АКТ негізінде пайдалану және әзірлеу мониторингін жүргізуі тиіс		+		
71	ББ басшылығы ББ-ны сипаттайтын ақпараттың веб-ресурстарда болуын көрсетуі тиіс		+		
БАРЛЫҒЫ		2	10	3	
«Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар»					
Білім беру					

72	"Білім беру" бағыты бойынша "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту", "Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша)", "Бастауыш білім беру" және т. б. білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:				
72.1	ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің психология және коммуникация саласындағы дағдылар, жеке тұлға мен мінез-құлықты талдау, қақтығыстарды болдырмау және шешу әдістері, білім алушылардың уәждемесі саласындағы практикалық-бағытталған білімінің болуын көрсетуі тиіс.				
72.2	ББ басшылығы білім беру саласының талаптарына сәйкес келетін ақпараттық технологиялар саласында бағдарлама түлектерінің сауаттылығын, білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануды көрсетуі тиіс				
72.3	ББ басшылығы оқу үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың инновациялық әдістемелерін және оқытуды жоспарлауды, оның ішінде оқытудың интерактивті әдістерін үйрететін пәндердің бағдарламада болуын көрсетуі тиіс.				
72.4	ББ басшылығы білім алушыларда өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру біліктерінің болуын көрсетуі тиіс				
72.5	ББ басшылығы жекелеген мамандықтар шеңберінде қандай мамандықтар (біліктілік) мен дағдылардың нарықта сұранысқа ие екендігі туралы нақты, негізделген талдаулар мен фактілердің бар екендігін, оқытылатын мамандық бойынша нарықта талап етілетін мамандардың шамамен саны қандай екенін көрсетуі және оқуды аяқтағаннан кейін алғашқы жарты жылда мамандық (біліктілік) бойынша бітірушілердің басым бөлігін табысты жұмысқа орналастыру мысалдарын келтіруі тиіс.				

Әлеуметтік ғылымдар, қызметтер, экономика, бизнес және құқық

73	«Қызмет, экономика және басқару» және «Құқық» білім беру бағдарламаларының "Құқық қорғау қызметі", "Патенттану", "Аударма ісі (түрлері бойынша)", "Туризм (салалар бойынша)", "Тамақтандыруды ұйымдастыру", "Әлеуметтік жұмыс", "Маркетинг (салалар бойынша)", "Қаржы (салалар бойынша)" және т. б. бағыттары келесі талаптарға жауап беруі тиіс: ББ басшылығы білім алушылардың қағаз (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электронды тасығыштарда мамандану саласындағы ең заманауи және өзекті деректерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қолжетімділігіне кепілдік беруі тиіс				
74	"Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес" және "Құқық" бағыттары бойынша ББ келесі талаптарға жауап беруі тиіс:				
74.1	ББ мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында талап етілетін нақты дағдыларды алуға бағытталуы тиіс				
74.2	ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің осы дағдыларға ие екенін және бұл дағдылар нарықта шынымен сұранысқа ие екендігін көрсетуі тиіс				

74.3	ББ білім алушылардың өндірістік тәжірибе ретінде теориялық білімді қолданудың практикалық тәжірибесін алуға, кәсіпорындарда оқытудан өтуге, тәжірибелік мамандардың дәрістері мен мастер-кластарына қатысуға бағытталған пәндер мен іс-шаралардың елеулі санын және т. б. қамтуы тиіс.				
------	--	--	--	--	--

Жаратылыстану және техникалық ғылымдар

75	"Металлургия және машина жасау", "Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар", "Өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)", "Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар" және т. б. техникалық бағыттар бойынша білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:				
75.1	Білім алушыларды кәсіптік ортамен және мамандандыру саласындағы өзекті мәселелермен таныстыру мақсатында, сондай-ақ теориялық дайындық негізінде дағдыларды меңгеру үшін білім беру бағдарламасы жалпы мамандық бойынша және жеке бейінді пәндер бойынша практикалық тәжірибе мен дағдыларды алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды өзіне қосуы керек.	+			
75.1.1	мамандану саласындағы кәсіпорындарға экскурсиялар (зауыттар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар және т. б.)	+			
75.1.2	мамандану кәсіпорнында жеке сабақтар немесе тұтас пәндер өткізу			+	
75.1.3	тәжірибелік сабақтарды өткізу, мамандану және т. б. саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік міндеттерді шешу үшін шеберханаларды пайдалану.	+			
75.2	ББ-ға тартылған педагогикалық ұжым ББ мамандандыру саласындағы кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар мамандарды қамтуы тиіс.			+	

Өнер

76	"Өнер және мәдениет" бағыты бойынша "Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем шығармашылық (бейін бойынша)", "Аспаптық орындаушылық және эстраданың музыкалық өнері (түрлері бойынша)", "Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)", "Музыка теориясы" және т. б. білім беру бағдарламалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:				
76.1	ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің өнер саласындағы теориялық білімдерінің, мүсіндеу, сызу, ән айту және т. б. сияқты шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсету дағдылары мен тәжірибелік біліктерінің болуын көрсетуі тиіс.				
76.2	ББ басшылығы білім алушыларда өзін-өзі оқыту және өзін-өзі дамыту дағдыларын, өнер саласындағы қызметке қабілеттілігін көрсетуі тиіс				
76.3	ББ білім алушыларға жеке немесе шағын топтарда машықтар үйретілетін пәндер мен іс-шаралардың барынша мүмкін болатын санын қамтуы тиіс, мысалы, мамандану саласындағы еңбек сіңірген қайраткерлердің мастер-кластарын өткізу				

76.4	ББ басшылығы білім алушылар үшін білім алушылардың шығармашылық дағдыларын, мысалы, концерттер мен көрмелерді көрсетуге мүмкіндік беретін барынша мүмкін болатын іс-шаралар санын ұйымдастыруы тиіс.				
76.5	ББ мамандыққа тән тәжірибелік қызметтің әр түрлерінде шығармашылық тәжірибені байытуға ықпал етуі тиіс				
76.6	Білім алушыларды кәсіптік ортамен және мамандандыру саласындағы өзекті мәселелермен таныстыру мақсатында, сондай-ақ теориялық дайындығы негізінде дағдыларды алу үшін ББ-ға жалпы мамандық бойынша практикалық тәжірибе мен дағдыларды алуға бағытталған және бейінді пәндер кіру керек, соның ішінде:				
76.6.1	мамандану саласындағы кәсіпорындарға экскурсиялар (мұражайлар, театрлар, конструкторлық бюролар және т. б.)				
76.6.2	мамандану кәсіпорнында жеке сабақтар немесе тұтас пәндер өткізу				
76.6.3	мамандану және т. б. саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік міндеттерді шешу үшін семинарлар өткізу.				
76.7	Білім алушылардың шығармашылық емтихан жұмыстарын алқалық бағалау тетігінің болуы ББ шеңберінде маңызды фактор болып табылады				
БАРЛЫҒЫ		3	1	1	
ЖАЛПЫ		15	58	10	